

этнического маркера для промышленных товаров, несущих на себе отпечаток национального своеобразия; дизайн-обеспечение продукции, связанной с национальной культурой; рекламно-информационное сопровождение внутреннего и международного туристического бизнеса; оформление национальных культурно-массовых мероприятий; создания имиджа для представления Казахстана на международной арене (выставочные, спортивные, экономические, политические, культурные мероприятия).

В трудах ВНИИТЭ проводились исследовательские работы в области изучения особенностей народной культуры, ремесла, орнамента и их современной интерпретации в различных областях дизайна. Большой вклад в эти разработки внесли Н.В. Воронов, С.О. Хан-Магомедов. Некоторые аспекты данной проблематики присутствуют в теоретических исследованиях Е.В. Жердева и А.А. Грашина.

Важную роль для осмысления этнокультурного образования в контексте современных социокультурных процессов сыграли труды Т.Г. Киселёвой, А.Д. Жаркова, А.С. Каргина, Ю.А. Стрельцова и др. Концептуальные и научно-методические основы этнокультурного образования представлены в трудах Т.И. Баклановой. Наше внимание привлекли также труды Н. Джандильдина, М.М. Сужикова, В.А. Тишкова по национальной культуре; по общим проблемам национально-ориентированного образования К.Е. Кушербаева, А.Н. Нысанбаева, М.С. Хасанова, М.Е. Ержанова, по специфике художественного этнообразования – В.С. Кузина, Т.Я. Шпикаловой, О.И. Ворожейкиной.

Актуальность работы связана с необходимостью изучения особенностей графического этнодизайна в современных казахстанских средствах массовой информации, влияющего на аспекты подсознательного восприятия объекта проектирования, потребительские свойства, узнаваемость, эстетическую ценность.

Объектом исследования является этнодизайн современных казахстанских СМИ (на примере наружной и интерьерной рекламы), изменяющий свою форму, содержание и особенности оформления в соответствии с потребностями целевой аудитории и рекламной концепцией.

Предметом исследования является изучение отличительных особенностей этнодизайна современных казахстанских СМИ (на примере наружной и интерьерной рекламы).

В ходе исследования рассматривались исторические особенности развития традиционной культуры Казахстана, символического восприятия пространства, материальных объектов, информация, связанная с национальным мировоззрением; дана характеристика этнодизайна и краткий анализ его развития; выявлены аспекты процесса разработки этнодизайна казахстанских СМИ; рассмотрены особенности этнодизайна наружной и интерьерной рекламы; произведен анализ аналогов этнодизайна казахстанских СМИ (на примере наружной и интерьерной рекламы); анализ композиционной организации и принципов построения наружной и интерьерной рекламы как объектов этнодизайна; выделены особенности художественного языка этнодизайна в графическом дизайне, приемы и факторы проектирования в русле этнодизайна наружной и интерьерной рекламы; организован художественно-творческий эксперимент по разработке и внедрению авторской концепции наружной и интерьерной рекламы в русле этнодизайна.

Список использованной литературы

1. Государственная программа «Культурное наследие». URL: <http://www.madenimura.kz/ru/government-program-madenimura/programs-madenimura/> (дата обращения: 21.09.2014).
2. Борисов Д. М. Черчение с основами начертательной геометрии : пособие для учащихся педучилищ. –М.: Просвещение, 1978. 200 с.
3. Ауэзов М. М. Кочевники. Эстетика: познание мира традиционным казахским искусством. Алматы: Ғылым, 1993. 262 с
4. Маргулан А. Х. Казахское народное прикладное искусство. –Алма-Ата, 1994. Т.1-4 ; 5. Кажгали У. А., Ою және ой. – Алматы, 2004. 68 б.

ЖӘНЕ МҮМКІНДІКТЕРІ

Наурызбай Куатбек

akok.8311@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университетінің
«Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының магистранты
Жетекшісі – Ж.М.Садыкова, Ж.Б.Байжанова

Қоғамның қарқынды дамуы, көбіне оның білімімен және мәдениетімен анықталады. Сондықтан, біздің ойымызша, білім жүйесін құру, қоғамды мына күнде дамып отырған әлемге дайындау - бүгінгі күннің ең негізгі және өзекті мәселесі. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр- ақпараттандыру ғасыры» деп аталады.

Қазақстан Республикасы да ғылыми - техникалық прогрестің негізгі белгісі - қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қоғамды ақпараттандыру - экономиканың, ғылымының, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. Осы мәселені шешудегі басты рөл мектепке жүктеледі [1].

Қазіргі таңда әлеуметтік жағынан қорғанған адам – ол технология ауысуына және нарық талабына сай терең білімді, әрі жан - жақты адам. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі - тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Қорытындысында білім беру - адамға үздіксіз оқуға, білім алуға жан - жақты білім қызметін ұсынатын әлеуметтік институт болуы керек. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, оның дүниежүзілік білім кеңестігіне енуі бүкіл оқу - әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Бұдан шығатыны, XXI ғасырдың алғашқы жылдарының негізгі мәселелерінің бірі - «Білім бүкіл өміріңе» қағидасынан «Білім бүкіл өмір бойына» қағидасына өте алатын білім жүйесінің ұйымдық құрылымдарын іздеу болып табылады.

Оқытудың тиімділігін арттырудың жолдарының бірі ретінде оқытудың жаңа технологиясын енгізуді атап өтуге болады. Білім беруді ұйымдастырудың дүниежүзілік тәжірбиесінде көптеген оқыту технологиялары жүзеге асырылуда. Елімізде орын алып отырған инновациялық ахуал, білім мазмұнын жалпылама сипат беру негізінде байыту, оқыту түрлері мен құралдарын, әдістер мен әдістемесін қайта жасақтауды қажет ететіні түсінікті. Ғылыми-техникалық прогрестің тез өсу қарқыны жоғары деңгейлі мамандар даярлауда жанаша оқыту әдістерінің қажеттігін алға қоюда. Бұл мәселелерді шешудің бірден бір жолы, қоғамның бүгінгі басты бағыттарының бірі – оқу үрдісін ақпараттандыру мен компьютерлендіруге әкеліп отыр. Оқытудағы ақпараттыққатынастық технологиялар аса қажетті педагогикалық проблемалардың шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға көмектеседі, оқу үрдісін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Міне, сондықтан қазіргі кезде Қазақстанда қоғамды ақпараттандыруға баса назар аударылуда.

2007 жылы қоғамды ақпараттандырудың құқықтық негізін анықтайтын және де 7 ақпараттық ресурстар мен жүйелерді қорғайтын және оларды қолданғанда туындайтын арақатынастарды бір ізгілікке келтіретін «Ақпараттандыру туралы» Заң қабылданды. Ең бір негізгі мәселе 2007-2009 жылдарға арналған республика халқының арасындағы «ақпараттық сауаттылыққа» бағытталған бағдарлама болып табылады. Бұл бағдарлама бойынша халықты «ақпараттық сауаттылыққа» үйрету үшін елімізде көптеген компьютерлік сыныптар ашылды. Соңғы жылдары «компьютерлік технологиялар» ұғымы «ақпараттық технологиялар» терминімен алмастырылуда. Қазіргі уақытта адам іс-әрекетіне байланысты барлық салаларда ақпараттық технология кеңінен қолданылатын болады және оның маңыздылығы барған сайын арта түсуде. Білім беруде компьютерлік технологияның барлық мүмкіндіктерін интеграциялау білімгерлердің өзіне және өз біліміне қатысты танымдық қызметін, шығармашылық талабын, белсенді бағыттарын ынталандыруға көмектеседі. Бүгінгі таңда оқу үрдісіне жаңа ақпараттық-қатынастық технологияларды енгізу оқытудың мазмұнын, оны ұйымдастыруды және оқыту әдісін жетілдіреді. Сабақ кезінде ақпараттық технологияларды қолдану білімгердің физиологиялық мүмкіндіктеріне негізделіп жүргізіледі: білімгердің есінде естіген материалдың 1/4 бөлігі, көргенінің 1/3 бөлігі, естігенінен және көргенінен 1/2 бөлігі, ал білімгер өзі оқу үрдісіне белсенді араласқан жағдайда берілген материалдың 3/4 бөлігі меңгеріледі.

Ақпарат беретін технологиялар оқу үрдісіне енуіне байланысты оқыту әдістеріне, түрлеріне, мазмұнына өзгеріс енеді. Сонымен білімді ақпараттандыру дидактикалық үрдістің мәнді жағы – оқытушы мен білімгер іс-әрекетін өзгертуде. Білімгер алуан түрлі, өте көп ақпараттармен жұмыс істеп, оларды біріктіріп, оны автоматты түрде меңгеріп, үрдістерді модельдейді, оқу іс-әрекетін өз бетімен жасайды. Ақпараттық технологияларды енгізудің алғашқы еншісі әрине жоғары оқу орындарына тиесілі болады, оған мысал қашықтықтан оқыту арқылы білім беру. Бұл жағдайда оқытушылардың кәсіби дайындығын арттырмайынша нәтижеге жету мүмкін болмайды. Қазіргі кезде адам өміріне ақпараттық-қатынастық технологияның әсері басым болып отыр. Оқыту үрдісінде ақпараттық-қатынастық технологияны, жаңа ақпараттар ағымын пайдалану білімгерлерге білім беруде және тәрбиелеуде үлкен әсер етеді. Әрбір білімгерді қысқа уақыт аралығында ақпаратты іздеуге, табуға, қабылдауға, меңгеруге, алынған ақпаратты өңдеуге және қажеттілігіне пайдалана алуға үйрету қажет. Ол үшін оқытудың дәстүрлі әдістерімен бірге қазіргі ақпараттық-қатынастық технологияны бірге қолдана алу керек болады. Болашақ мамандар үшін ақпараттық-қатынастық мүмкіндікті жүйелі, нәтижелі қалыптастыру бүгінгі күні тек ақпараттық-қатынастық технологияны пайдалану жағдайында 8 ғана мүмкін болады. Басқаша айтсақ, ақпараттандыру - ол білім жүйесін жаңашаландырудың маңызды бағыты. Ендеше, жоғары оқу орындарындағы оқу үрдісінде де жетістіктерге жету ақпараттық-қатынастық технологияны пайдалануға тәуелді десек қателеспейміз. Қазіргі қоғамды жан-жақты қамтыған ақпараттандыру үрдісі бірнеше бағытта дамыған, соның бірі - білімді ақпараттандыру болып табылады. Білімді ақпараттандырудың түпкі мақсаты – болашақ ақпараттық қоғам мүшелерінің сапалы жаңа моделін қамтамасыз ету [3].

Болашақ мұғалімдерді даярлайтын жоғары оқу орындарында байланыс құралдары мен қазіргі ақпараттық технология мүмкіндіктерін қолдануда, ақпаратты іздеуге және қабылдауға, танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға, күрделі жағдайлардан шығудың тиімді жолдарын таба білуге үйретуде онтайлы жағдайлар жасалуы керек. Шартты білім беруден босатылған оқытушы білім алушымен бірге өзара қарым-қатынас формасын таңдауға мүмкіндік алады. Білімгерлердің жекелеген мүмкіндіктері мен талаптарын ескере отырып, қандай да бір пәнді оқудың жағдайы жасалады. Бұл жағдайда қалыпты аудиториялық сабақ кезінде де ақпараттық-қатынастық технологияларды қолдана отырып уақытты үнемдеуге, яғни мазмұнды жұмыс жасауға болады, ал болашақ мұғалімдерді даярлайтын оқу орны үшін жаңа талаптармен оқыту өте маңызды.

Ақпараттандыру жағдайында білімгерлер меңгеруге тиісті білім, іскерлік, дағдының көлемі күннен-күнге артып, мазмұны өзгеріп отырады. Жоғары оқу орындарында білім беру саласында ақпараттық-қатынастық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін жетілдіру мен жаңалаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары әрдайым жүргізілуде. Осыған орай, болашақ мамандардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастырып, оны одан әрі дамыту оқу орындарының алдында тұрған ең бір негізгі мәселе болып табылады. Ақпарат беретін технологиялар оқу үрдісіне енуіне байланысты оқыту әдістеріне, түрлеріне, мазмұнына өзгеріс енеді. Сонымен білімді ақпараттандыру дидактикалық үрдістің мәнді жағы – оқытушы мен білімгердің іс-әрекетін өзгертуде. Білімгер алуан түрлі, өте көп ақпараттармен жұмыс істеп, оларды біріктіріп, оны автоматты түрде меңгеріп, үрдістерді модельдейді, оқу іс-әрекетін өз бетімен жасайды. Еліміздің ақпараттандыру жүйесін ары қарай дамыту үрдісін оқып үйренудің ақпараттық ресурсы болып табылатын білімді жетілдіруге арналған бағдарламалық құралдарды дайындамай жүзеге асыру мүмкін емес. Өз функционалдық мүмкіндіктеріне қарай компьютер қазіргі кезде оқытудың ең керекті жабдығына айналды, бірақ оны тиімді түрде пайдалану жолдарының әлі ашылмаған тәсілдері, күнделікті сабақтарға қолдану үшін әлі де айқындалатын жақтары көп екені бізге белгілі. Соған байланысты білім берудің компьютерлік технологиясын кеңінен пайдалануға негізделген педагогикалық бағдарламалық құралдарды ұйымдастыру қазіргі кездегі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Оқу жүйесінде ақпараттық технологияны жалпы қолданудың мазмұнынан гөрі оны пайдалану ісі білім беру жүйесіндегі қойылған талаптарға қаншалықты жауап бере алатыны маңыздырақ. Сондықтан компьютермен оқыту әдісін жүзеге асыру жалпы білім беру әдісін жетілдіру тәсілдерімен бірге онымен тығыз байланысты белгілі бір пәннің өз ерекшеліктерін де есепке алуды талап етеді.

Білім беру аясындағы мәселелерді ақпараттық және компьютерлік технология көмегімен шешу мүмкіндіктері жайлы соңғы кезде жиі естиміз. Компьютер қазіргі кезде оқытудың ең керекті жабдығына айналды, бірақ оны тиімді түрде пайдалану жолдарының әлі ашылмаған тәсілдері,

күнделікті сабақтарға қолдану үшін әлі де айқындалатын жақтары көп екені бізге белгілі. Соған байланысты білім берудің компьютерлік технологиясын кеңінен пайдалануға негізделген ана тіліндегі оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру бұл күнде өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Сонымен, әлеуметтік, қатынастық, ақпараттық, когнитивті және арнайы құзырлықтарды меңгеруде ақпараттық және қатынастық технологияны қолданумен байланысты болатын педагогикалық білім мазмұны терең және мағыналы болады және келесі шарттарды орындай алады, олар: - білімді ақпараттандырудың кез келген бағдарламаларын іске асыруға белсенді араласуға қабілетті мамандарды даярлауға арналған шынайы жағдайлар құру; - біріккен жобаларды орындау мүмкіндіктеріне байланысты білім алушылар мен оқытушылардың кәсіби деңгейін арттыру; - электрондық кітапханалар мен виртуальды зертханалар, интернет желісінің ғылыми, мәдениеттік және әлеуметтік маңызды ресурстары арқылы дәстүрлі кітапханалар мен зертханалардың мүмкіндіктерін кеңейту, яғни білімгерлерге шығармашылықтық тұрғыда жұмыс жасау үшін жаңа сапада жағдай жасау; - үздіксіз ашық білім алуды жүзеге асыру, телеқатынас мүмкіндіктері арқылы білімгерлердің кез келген уақытта оқу үрдісін ұйымдастыруға белсене араласа алуы.

Жоғарыда аталған жағдайлардың орындалуы білімді модернизациялаудың негізгі мақсатын орындауға – білім беру сапасын арттыруға, білім алудың қол жетімділігіне, жеке тұлғаның және тұтас ақпараттық қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әжібекова Ж. Оқу процесінде гипермәтіндік электрондық оқулықтарды енгіз. // «Информатика негіздері», №3,2003.-5-7б.
2. Вострокнотов И.Е. Теория и технология оценки качества программных средств образовательного назначения. Монография. – М., -Госкоорцентр.-2001.–С.300.
3. Гальперин П.Я. Управление процессом учения //Новые исследования в педагогических наука. – М., -1965. – вып. IV. –С.15 – 20.

ӨОК 72.012

ДИЗАЙН ОБЪЕКТИВТІ ДҮНИЕНІҢ ТҮТАСТЫҒЫ

Рахметова Нейла Батырқызы

neila_1903@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Сәулет-құрылыс факультетінің «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Т. Самуратова, п.ғ.д., профессор

Дизайн - адамның объективті ортасын, визуалды байланыс пен ақпарат жүйелерін дамытуға, адамның өмірі мен қызметін функционалды, ұтымды негізде ұйымдастыруға байланысты жобалық және көркемдік қызмет түрі. Өз жұмысында дизайнер жобалық құралдардың барлық арсеналын пайдаланады: техникалық дизайннан, орналасудан – композициялық формаға, стильді қалыптастыруға дейін; функционалды талдаудан – пәндік ортаның ұйымдастырушылық, тұжырымдамалық модельдеріне дейін. Алайда, бұл құралдардың барлығы объективті әлем мен байланыс әлемінің бүкіл кешенін жобалаушының жалпы мәдени, көркем және бейнелі түсінігін анықтауға бағынады.

Бұл «екінші табиғатты» дамыту бірқатар негізгі әдістерге негізделген – функционалды талдау, орналасу, кеңістіктік немесе графикалық композициялық құрылымды құру, стилизация және т.б. дизайнның мақсаты – адамның әр түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру, оның ішінде мәдени сәйкестендіру қажеттілігі, көркем-бейнелі модельдер негізінде өмір мен қызметтің тақырыптық және ақпараттық ортасын тиімді ұйымдастыру. Бұл суретшінің толыққанды формамен жұмысы, сондықтан мұнда форманы қалыптастыру процестері маңызды. Форма дизайнердің өзіне жүктелген міндеттердің бүкіл шеңберін түсінуді біріктіреді: утилитарлық, әлеуметтік-мәдени, көркемдік және технологиялық. Форма арқылы дизайнер тұтынушымен байланысады (материалдық заттардың қабығын немесе құрылысын ғана емес, сонымен қатар құрылымдарды, іс-қимыл сценарийлерін, белгілі бір ережелер мен шарттарды да түсінеді).